

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е. Л. Тоғжановқа

31.03.2021ж. жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Осы депутаттық сауалыма жүздеген, тіпті мыңдаған сайлаушыларымыздың тарапынан көтерілген мәселе себеп болып отыр. 2021 жылдың 3 наурызында Нұр-Сұлтан қаласының «Жанұя» орталығында бір топ әріптестерімізбен көп балалы, қарауында мүгедек балалары бар аналардың атынан келген белсенді азаматтармен кездесуге бардық. Ата-аналар тобы осыған дейін де үлкен мәселелер көтеріп, депутаттық корпуспен кездесуді талап еткен болатын.

Осы кездесуде белсенді аналардың айрықша көтеріп, депутаттық корпусқа жауапкершілік жүктеген сауалы – соңғы уақытта дәстүрлі отбасы институтына жасалып жатқан шабуылдар мен отбасы құндылықтары идеологиясына қатысты мәселелер болды. Осы ретте аналар мен балалар құқығын лайықты қорғауға байланысты ұсынымдарын да жеткізді. Қазақы дәстүрлі құндылықтарымызға қайшы келетін, бір жынысты неке, азшылық жыныстық топ, жыныс ауыстыру деген сияқты қазақы ұғымға жат құбылыстарға алаңдаушылық білдіріп отыр. Аналардың ондай алаңдаушылығы орынды деп білеміз.

Баршаңызға белгілі, өткен халықаралық әйелдер күні қарсаңында Алматы қаласында әйелдер шеруі өтті. Оны ұйымдастырған бес бірдей феминистік ұйым. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желіде жарыққа шыққан бейнелерді, ақпараттарды қарап отырмыз. Онда

ұйымдастырушылардың Алматы қаласы әкімдігіне берген өтінімінде көрсетілген мәселелерден басқа да сұрақтардың болғанын көрдік.

Бұл шеру бір қарағанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы акция секілді көрініс алған. Әйелдің ары, намысы, құқығы деген - енді ел болған соң қол сұғылатын жайттар болатын шығар, бірақ қазақ үшін қашанда қастерлі ұғымдар.

Дегенмен, осы дұрыс, бір аяулы мәселені қалқан еткен шерудің күн тәртібі, негізгі бағыты мүлде басқа арнаға лағып кетті. Оған бәріңіз де куәсіздер. Ондай шерулердің басты мақсаты ешқандай да әйелдің құқығы емес, дәстүрлі емес некені, жыныс ауыстыру деген секілді қазір біздің қоғам қабылдай алмай жатқан жат дүниелерге бой үйрету, керек болса, оны насихаттау. Ал енді оған біреу қарсы бола қалса, «сен не әйел құқығына қарсысың ба» деп екі мәселені құйрығынан ұстап әкеп, бір-бірімен ми батпақ жасап жіберу.

Оны сол белсенділердің сөйлеген сөздерінен біліп отырсыздар. Бүкіл видеолары, көтерген ұрандары әлеуметтік желілерде тынымсыз таралып жүр. Оны біздің балаларымыз да көретінін ескерсек, ұлттық тәрбиеге қаншалықты нұқсан келіп жатқанын аңғаруға болады. Кәдімгідей Қазақпен егергісетін сияқты болып көрінеді, сол шерудегі айтқан сөздер. Қазақ айтады «Қызға қырық үйден тыю» десе, олар «Қызға қырық үйден бостандық» дейді. «Ұят беттің пердесі» десе «Өз ойыңды айту ұят емес» дейді. «Менің жатырым - менің ережем» дейтін де ұран болады екен-ау! «Келін құл емес» дейді, жалпы әйелге байланысты күн деген сөзді пайдаланады. Қай-қайсын алсаң да, кәдімгі ұлттық дүниетанымның тамырынан балтамен дәлдеп ұрған сияқты нәрселер. Рухани жаңғыруымыз қайда қалды?! Ұлттық кодымыз қайда қалды?! Ұлы Даланың жеті қыры дейтін Елбасының тарапынан көрсетілген ұлттың еңсесін көтеретін нәрселерге тікелей жасап отырған нақты бір шабуыл! Адам ұяттың шеңберінен шықпай да құқын сақтай алады. Ал ол қозғалыстардың ойынша, құқық сақтау деген ар-ұятты сақтамау дегенмен өлшенетін сияқты. Енді жаңағы «менің жатырым» деген секілді, жайшылықта айтуға ауыз бармайтын сөздерді алаңға алып шығу, енді оны міне парламентте біздің ауыздан шығарып отыр. Осылайша біздерді сөйлету арқылы өз дегендеріне жетіп отырған сияқты болып көрінеді.

Осы ретте мұндай дүниетанымымызға, болмысымызға жат дүниелерді былай қойғанда, шеруде Қазақстанда тыйым салынған, елдің іргесін шайқағысы келетін экстремистік ұйымдардың (Көше партиясы) лозунгтарын көтергендердің болғанын даайтпай кетуге болмайды.

Сондықтан, осы сауал аясында:

- 1) Алматыдағы шерудің заң талаптарына сай болған-болмағанын, экстремистік топтардың еркін алаңға шығуына қала әкімдігі жол берген-бермегеніне сараптама жасауды;
- 2) Балаларды зиянды ақпараттан қорғау бағытында жыныстық азшылық топтың азғындығы, біржынысты неке тәрізді құбыжық

құбылыстардан сақтайтын заң нормаларын Парламентке енгізуді қарастыруды сұраймыз.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Б. Тілеухан
Ж. Әшімжанов**

Орынд.: Н. Байырқұлова
Тел.: 74-61-29